

2023-2024 оқу жылындағы 2 «а» сынып оқушыларының жылдық тәрбие жұмысына талдауы

2«А» сыныбында барлығы 13 оқушы бар. Оның ішінде ұлдар-10, қыздар-3.

Сыныптағы барлық оқушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен танысу мақсатында қыркүйек айында үйлерін аралап шықтым.

Жалпы сынып оқушыларының сабаққа қызығушылық деңгейі орташа, тәртіп жағынан жақсы.

I және II жартыжылдық іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай сынып сағаттарын көрсеттім. Атап айтқанда: Саналы ұрпақ-жарқын болашақ», «Ұстаз-ұлы тұлға», «Қазыналы қарттарымыз аман жүрсін», «Отбасы – ынтымақ ошағы», «Қауіпсіздік шаралары дегеніміз не?», «Адамгершілік – асыл қасиет!», «Отбасы – тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы», «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», «Тәуелсіздік бастауы – 16 желтоқсан, «Балаға жүрек жылуы», «Ана – өмір шуағы», «Адал ұрпақ – ел болашағы». Осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттарына оқушылар да ат салысты: өлең жолдарын, ән сөздерін жаттап, мәнерлеп оқып, ән салды.

Тәрбие сағаттарына ғана қатысып қоймай, балалар барлық мектепшілік шараларға да қатысып, атсалысып отырды. Мысалы үшін: «Тәуелсіздік күні» мерекелік концертіне, «Жаңажылдық шырша» мерекелеріне, «Күзгі жәрмеңке», салтанатты саптүзеулер шараларына қатысып отырды.

Сынып оқушылары мектеп формасын сақтап отырды. Ай сайын балалардың үйін аралап, тұрмыс жағдайларын тексердім. Оқу үлгерімі бойынша әр пән мұғалімімен жекелей сөйлесіп отырдым.

Ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Онда оқушылардың тұрмыс-жағдайы, оқу үлгерімі, сабаққа қатысуының белсенділігі, емтиханға дайындығы және т.с.с. мәселелер талқыланып отырды. Жиі сабақтан қалатын оқушылардың ата-анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, қысқы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды.

Жыл көлемінде атқарылған тәрбие жұмысы «Жақсы» деп қорытындыланды.



Сынып жетекшісі:

Еселова Г.О